



№26 (8966),
бейсенбі, 06 шілде
2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ПРЕЗИДЕНТ АСТАНАНЫҢ 25 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН БАУЫРЛАС ҚАЛАЛАР ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Астананың 25 жылдығы. Жаңа даму бағыттары. Жаңа мүмкіндіктер» атты елорданың бауырлас қалалары форумының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, жиынға қатысып отырған бауырлас қалалардың басшыларына, әлемнің бірнеше елінен арнайы келген мәртебелі меймандарға ілтипат білдіріп, Астананың 25 жылдық қалыптасу тарихына қысқаша тоқталды.

– Бұл – мерейлі белес. Біз ширек ғасыр бұрын астанамызды Алатаудың баурайынан Арқа төсіне көшірдік. Есілдің жағасына ел қондырып, жаңа қаланың іргесін қаладық. Бүгін осы маңызды жиынға елорданың бұрынғы әкімдері, қаламыздың құрметті тұрғындары, еңбек ардагерлері, мәдениет, ғылым, спорт қайраткерлері, ғалымдар, ұстаздар, мемлекеттік қызметшілер қатысып отыр. Олар Тәуелсіз Қазақстанның тірегі болған Астананың құрылысына белсене атсалысты, кеңес заманындағы ескі шаһардың қазіргі заманға сай озық қалаға айналуына зор үлес қосты. Мен баршаңызға шынайы алғыс айтамын. Шын мәнінде, Астана қаласының салынуы – Тәуелсіз Қазақстанның тарихында айрықша мәні бар оқиға болды. Өздеріңізге мәлім, елорданы көшіру оңай болған жоқ, қомақты жұмыс істелді. Бұл шешім өте күрделі кезеңде қабылданды. Ел экономикасы тоқырауда болды. Жұрт нарықтық қатынастарға толық бейімделмеген кез еді. Осындай қиын жағдайда Жоғарғы Кеңес Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың баспастаны бойынша Астананың Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Бас қаламыз ресми түрде 1997 жылы 10 желтоқсанда көшірілді. Ал осыдан 25 жыл бұрын 6 мамырда Ақмола атауы Астана болып өзгертілді. Елорданың жылнамасы Тәуелсіз Қазақстанның шежіресімен тығыз астасып жатыр. Шын мәнінде, астананы көшіру геосаяси тұрғыдан өте дұрыс қадам болды. Бұл – халқымыздың болашақ тағдырын айқындаған аса маңызды және бер кезінде қабылданған тарихи шешім, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тұңғыш Президенттің осы бастамасы жаңа ұлттық идеяға айналғанына назар аударып, Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегіне лайықты, әділетті баға беру керек екенін айтты. Президенттің пікірінше, Әділетті Қазақстанда ақты ақ, қараны қара деу қажет, басқа сөзбен айтқанда, ненің шындық, ненің өтірік екенін ажырата білу керек. Бұл – еліміздің болашағына тікелей қатысы бар мәселе.

Мемлекет басшысы жаңа елордамыз Тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне тың серпін бергенін, жаңару мен жаңғыруға жол ашқанын, бас қаламызға көптеген іс-шаралар ұйымдастырылғанын, дінаралық диалог пен рухани дипломатияның ордасына айналғанын атап өтті. Сондай-ақ Астананы бірлік пен берекенің бесігі де-

қолайлы орта қалыптастыру – аса маңызды мәселе. Біз бәріне тең мүмкіндік берілетін қоғам құру жолы таңдадық және осы бағытта дамып келеміз. Сондықтан өзара жауапкершілік пен азаматтық ынтымақтастыққа негізделген инклюзивті дамуға айрықша мән береміз. Білім беру, денсаулық сақтау нысандары, мәдени-демалыс мекемелері, саябақтар мен қоғамдық орындар қаланың барлық тұрғынына бірдей қолжетімді болуға тиіс. Әсіресе, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған қала инфрақұрылымының қолжетімділігін арттыру керек. Бұл бағыттағы жұмыстарды өлі де жетілдіре түсу қажет. Оны мойындауымыз керек. Біз қала аудандарын дамыту ісіндегі теңсіздікті жоспарлы түрде жоюымыз керек. Орталық көшелерді ғана жарқыратып қойып, қаланың шеткері аудандарына көңіл бөлмеу әділетті қоғам идеясына сай келмейді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қалаларды барынша сапалы басқару ісінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын технологияның рөліне айрықша тоқталды.

– «Ақылды қала» тұжырымдамасын жүзеге асыру азаматтарға жаңа цифрлық қызмет ұсынуға, ғимараттардың энергия тұтыну тиімділігін айтарлықтай жетілдіруге, сондай-ақ көлік ағынын түбегейлі оңтайландырып, көшедегі қауіпсіздікті арттыруға мүмкіндік береді. Бұл – біз үшін ең өзекті міндет. Сонымен қатар адамдарға өзара тығыз байланыс орнатуға көмектесіп, азаматтар мен бизнестің қаладағы өзекті проблемаларды көтеріп, оларды шеше алатын белсенді қоғамдастық құру ісіне атсалысуына ықпал етеді. Астана бұл бағытта дамып келеді және бірқатар жетістікке жетті. Intelligent Community Forum беделді халықаралық ұйымының мәліметі бойынша елорда әлемдегі ең интеллектуалды қоғамдастықтың бірі ретінде озық 21 шаһардың қатарына енді. Сонымен қатар қаламызда Орталық Азиядағы ең ірі Astana Hub халықаралық IT-стартаптар небуаркі қарылды. Бұл технопарк тек еліміздің ғана емес, бүкіл аймақтың цифрлық трансформациясына елеулі үлес қосады, – деді Мемлекет басшысы.

Сөзін қорытындылай келе, Президент елімізде Әділетті Қазақстан құру үшін ауқымды институционалдық өзгерістер жүзеге асырылып жатқанына назар аударып, маңызды саяси реформалар нәтижесінде азаматтардың мемлекеттік, әсіресе, жергілікті жерде шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндігі едәуір кеңейгенін атап өтті.

– Еліміздегі қала тұрғындары енді өздері сыйлайтын әрі сенетін депутаттарды таңдау мүмкіндігіне ие болды. Бұл жауапкершілігі мол азамат қағидаттарының орнықтыруға елеулі үлес қосады. Адамдардың өз қаласындағы тұрмыс-тіршілікті жақсарту ісіне ықпал етуге мүмкіндік береді. Алайда қоғамның құндылықтар жүйесі жаңғырмай, барлық реформамыздың мәні болмайды. Бұған кәміл сенемін. Қазақстанның орнықты дамуы үшін дүниетаным парадигмалары түбегейлі өзгеріп, адамдардың мінез-құлық моделі жаңаруы қажет. Сондықтан мен жастарға, қалалар мен елорданың жас тұрғындарына үлкен үміт артамын, – деп түйіндеді сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар жиында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Рабат қаласының мәрі Асмаа Рхлалу (Марокко), Нусантара қаласы ұлттық астаналық басқармасының басшысы Бамбанг Сувантоно (Индонезия), Пенза облысының губернаторы Олег Мельниченко (Ресей), Бразилия федералды округінің мемлекеттік хатшысы Фелипе Рамон Моро Родригез (Бразилия), Бішкек қаласының мәрі Эмильбек Әбдіқадыров (Қырғызстан), Белград қаласының вице-мәрі Весна Видович (Сербия) сөз сөyledi.

ҮКІМЕТТЕ БИЗНЕСТІҢ ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ



ҚР Премьер-Министрінің Ерулан Жамаубаев мемлекеттік органдар өкілдерінің және «Атамекен» ҰКП мен бизнес қауымдастығының қатысуымен бизнестің түйткілді мәселелерін қарады.

«Атамекен» ҰКП өкілдері білім беру нысандарына бірдей жағдай жасау, жобалау жұмыстарын сатып алуға қатысу кезінде демпингті болдырмау, экологиялық төлемдер, елді мекендер, сонымен қатар вахталық әдіс жұмысын қолдану, ауыл шаруашылығы алқаптарының шекарасына кіретін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салық төлемдерін арттыруға қатысты түйткілді мәселелер туралы хабар-

дар етті. Проблемалық мәселелерді талқылаудың қорытындысы бойынша Ерулан Жамаубаев мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар беріп, мемлекеттің басты міндеті – кәсіпкерлікті дамыту және кеңейту үшін барынша қолайлы жағдай жасау екенін баса айтты. Сондай-ақ мемлекеттік органдар бизнестің проблемалық мәселелерін дер кезінде және тиімді қарастырып, қолда бар барлық аспектілерді ескере отырып, мемлекеттің де, бизнестің де әлеуметтік-экономикалық мүдделерінің тепе-теңдігін сақтау қажеттігін атап өтті.

primeminister.kz

ҮКІМЕТ НАШАҚОРЛЫҚ ПЕН ЕСІРТКІ БИЗНЕСІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫ БЕКІТТІ

Үкімет Қаулысымен ҚР-ның нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді.

Құжат Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 2022 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына жолдаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ел. Берекелі қоғам» Жолдауында берілген тапсырмаларды орындау аясында әзірленді.

Кешенді жоспар нашақорлықпен және есірткі бизнесімен тиімді күресу үшін қажетті бірінші кезеңдегі шараларды ескере отырып, қазіргі нашақорлыққа қатысты ахуалды талдау негізінде әзірленді. Оны дайындау барысында психоактивті заттардың жаңа түрлерінің үлесі артуы, есірткіні өндіру, тасымалдау және тарату әдістерінің өзгеруі, белсенді түрде енгізіліп жатқан қазіргі әлемдік есірткі саясатының ерекшеліктері ескерілді (Darknet, мессенджерлер, криптоамиялар және т. б.).

Құжат сарапшылар ортасында және түрлі пікірталас алаңдарында кеңінен талқыланды. Оның негізгі мақсаттарының бірі – қоғамның, азаматтық институттардың және барлық мемлекеттік органдардың нашақорлықтың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстарының сапасын арттыру және жалпы нашақорлар санын азайту бойынша күш-жігерлерін біріктіру.

Елімізде синтетикалық заттарды жасырын өндіру жағдайлары жиі анықталып жатыр. Апынды, оның ішінде Ауғанстаннан «Солтүстік бағыт» деп аталатын транзит арқылы тасымал, каннабис тобының есірткі заттарының айналымы, сондай-ақ «дәріхана» нашақорлығы өзекті проблемалар болып отыр.

Қабылданған Жоспар аталған бағыттар бойынша шаралар кешенін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде 2025 жылға қарай есірткі тұтынушылардың санын азайту, есірткіге тәуелділіктен ұзақ мерзімді ремиссиясы бар көмелетке толмағандар санын 15%-дан 20%-ға дейін арттыру,

сондай-ақ есірткі тұтынушыларды 26%-дан 30%-ға дейін медициналық-әлеуметтік оңалтумен қамту жоспарланған.

Құжат заңнамалық және нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді, заманауи есірткі бизнесінің жаңа сын-қатерлерін мен қауіп-қатерлеріне қарсы тұрдың тиімділігін арттыруды, халықаралық ынтымақтастықты нығайту мен кеңейтуді, қазақстандық қоғамда нашақорлық деңгейін төмендетуді көздейді.

Нашақорлықтың алдын алу, емдеу, нашақорларды оңалту жүйелерін жетілдіруді, сондай-ақ ведомстволарлық өзара іс-қимылды нығайтуға баса назар бөлінеді.

Есірткіге және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың материалдық-техникалық жарактандыруды жақсарту бойынша шаралар кешені қарастырылған. Бұл жаңа сын-қатерлер мен қауіптердің дереу алдын алуға мүмкіндік береді.

Емдеу-сауықтыру орталықтарын жаңғырту және жаңаларын ашу жұмыстары жүргізіледі. Ұшақ пен ұшқыссыз басқарылатын аппараттарды пайдалана отырып, адам аз жүретін аумақтарды жасырын есірткі зертханалары мен плантацияларды жою шаралары қабылданды.

Жоспар шекаралық өткізу пункттерін дәрілік заттарды, прекурсорларды және дәріхана зертханаларына арналған жабдықтарды анықтауға арналған скринингтік құралмен қамтуды көздейді.

Бұдан бөлек, жаңа синтетикалық препараттарды, сондай-ақ азаматтарды медициналық куәландыру аясында алынатын қан үлгілері мен басқа да биоматериалдарды зерттеуді жеделдету үшін сот сараптамасы органдарының материалдық-техникалық базасы нығайтылады.

Кешенді жоспарда аталған шараларды жүзеге асыру үшін бюджет есебінен 53,1 млрд теңге бөлу қарастырылған.

primeminister.kz

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ ЕНБЕКШІ ҚАЗАҚ АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ



Алматы облысына жұмыс сапарымен барған Парламент Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері – Максим Рожин мен Мақсат Толықбай Рахат ауылдық округіндегі 900 орындық мектеп құрылысымен танысты. Іс-шара партияның жол картасында көрсетілген жоспарларды жүзеге асыру аясында ұйымдастырылды.

Жаңа ғимараттың пайдалануға беру уақыты – 2024 жылы тамыз айына жоспарланған. Жобаның жалпы құны – 7 млрд теңге. Қазіргі уақытта құрылыс қарқынды жүріп жатыр.

«Құрылыс жұмысына біз толықтай отандық өнімдерді қолданып жатырмыз. Нысанның құрылыс деңгейін апта сайын келіп, жергілікті халық қалаулылары бақылауда. Сондай-ақ ғимарат келер жылдың соңына қарай толығымен пайдалануға беріледі», – деді «Bazis construction» ЖШС өкілі.

Құрылыс жұмысын аралап көрген Мәжіліс депутаттары бірқатар мәселелерге назар аударды.

«Мердігерлер мектепті уақытында аяқтауы тиіс. Әрине, бірінші кезекте мектептің құрылысы жоғарғы деңгейде бол-

са дейміз. Сонымен бірге сапалы құрал-жабдықтармен қамтамыз етілуін, барлық стандарттарға сай болуын, яғни құрал-жабдықтарға, зертханалардың дұрыс орналасуына да бақылау қажет», – деді Мәжіліс депутаты Максим Рожин.

Жаңа білім нысанында балалардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалмақ. Мектепте оқу кабинеттерімен қатар, спорт залы, мәжіліс залы, асхана, компьютерлік сыныптар болады.

Сонымен қатар, халық қалаулылары әкімшілікке мемлекет қаржысына салынып жатқан нысанның сапасына ерекше мән беруді тапсырды және сала басшыларының өтініштеріне құлақ түріп, білім саласындағы мәселелерді назарға алатындарын жеткізді. Білім мекемелерінде санитарлық құралдардың толық болуы мен талаптардың қатаң сақталуы керек екенін ескертті.

Мәжіліс депутаттары кейін ауданға қарасты Қаракемер елді мекенінде орналасқан 6654 әскери бөлім қызметшілерінің жауынгерлік қызметімен және тұрмысымен танысты.

Мәжіліспен бастаған топ Ұлттық ұланның сарбаздарымен жүздесті. Бөлім командирі Жандос Қасымовпен

әскери қалашықты аралап, бөлім қызметшілерінің жауынгерлік қызметімен және тұрмысымен танысты.

Оның айтуынша, бөлімде сарбаздарға барлық жағдай жасалған. Мұнда еліміздің түпкір-түпкірінен келген Ұлттық ұланның сарбаздары 27 мамандық бойынша оқытылады. Сонымен қатар, былтырдан бастап әскери бөлімде сарбаздар көлік жүргізуді үйреніп, «D» категориясымен жүргізуші куәлігін алуға мүмкіндігі бар.

«Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әскеріміздің әлеуеті мықты болу керек. Жақында шекаралық аймақтағы әскерилермен кездестік. Жасыратыны жоқ, барлығына бірдей жағдай жасалмаған. Депутаттар олардың мәселелерін билікке жеткізіп, оң шешімін табуға барынша күш саламыз. Біз күштік құрылымға қашан да көңіл бөлуіміз қажет», – деді Мақсат Толықбай.

Сапар барысында халық қалаулылары аудан орталығындағы өрт сөндіру бөлімін аралады. Кейін Есік қаласы мен Ташкенсаз ауыл тұрғындарымен жүздесіп, олардың өтініш-тілектерін тыңдады. Тұрғындар саяжайларға ауыл мәртебесін беру туралы мәселелерді ортаға салып, ұсыныстарын да жеткізді. Одан бөлек, кей саяжайларда су құбыры мен асфальт, газ бен су тапшылығы айтылды. Мәжіліс депутаттары әр күрмеулі мәселенің шешім табуына күш салатындарын жеткізді.

Максим Рожин мен Мақсат Толықбайға тұрғындар өздерінің толғандырған түйткілді мәселелерін ортаға салды. Халық қалаулылары әр мәселенің уақытылы шешім табытынын айтты. Әр азаматтың аманаты – басты назарда болады.

«AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының баспасөз қызметі

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ТҰҚЫМ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДА



Жетісу облысында тұқым шаруашылығы саласында 14 аттестатталған шаруашылық субъектісі жұмыс істейді, оның ішінде 8-і элиталық өндіруші, 6-уы жоғары репродукциялы тұқым. Егіс науқаны алдында Жетісу облысы ауыл шаруашылығы дақылдарының егістікке қажетті тұқым көлемімен қамтамасыз етілді. Оның көлемі 56,2 мың тоннаны құрайды, оның ішінде 1,8 мың тоннасы элиталық, 54,4 мың тоннасы жоғары репродукциялы тұқым. Мұндағы отандық тұқымдардың үлесі 13% құрады. Ағымдағы жылы өңірдегі ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқабы 1,9 мың гектарға артып, 519 мың гектарға жеткізілді, - деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сәйкес, егістік алқаптарын әртарапандыру жоспары аясында басымдық берілетін дақылдардың, атап айтқанда қант қызылшасының көлемі 2 есеге, жүгері – 15%, көкөністер мен картоптың көлемі 2%-ға өсті.

«Өңірдің аттестатталған тұқым шаруашылықтары 6,3 мың тон-

на элиталық және жоғары өнімді масақты дәнді дақылдар тұқымын, 941 тонна жүгері тұқымын, 5 тонна қант қызылшасы тұқымын, 14 тонна күнбағыс тұқымын әзірлейді және ол тұқымдарды ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне сортты жаңарту үшін өткізеді. Сондай-ақ, 4 аттестатталған тұқым сатушы шаруашылықтардың өтінімдеріне сәйкес оларды қажетті шетелдік тұқымдармен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, алдағы уақытта картоп тұқымдары мен бұршақ дақылдарын өндіруді ұлғайту бағытында жаңа тұқым шаруашылықтарының қызметін дамыту жоспарлануда, - деп атап өтті облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында.

Айта кетсек, ағымдағы жылдың 5 айында өңірдегі ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 70,4 млрд. теңгеге жетті, НКІ – 101,5%. Жалпы, жыл қорытындысы бойынша бұл көрсеткішті 544 млрд. теңгеге дейін жеткізу жоспарлануда. Бұл ретте ағымдағы жылы облыстың ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бюджеттен 45,6 млрд. теңге бөлінді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

eGov Mobile мобильді қосымшасында жаңа цифрлық құжат – «Колледж дипломы» қолжетімді.

Колледж дипломы - арнаулы орта білімнің бар екендігін куәландыратын құжат. Енді сіз осы цифрлық құжатты eGov Mobile қосымшасы орнатылған смартфонмен электронды түрде ұсына аласыз.

«eGov mobile қосымшасының жетістіктерінің бірі – «Цифрлық құжаттар» сервисі болып саналады. Осы сервисің көмегімен қолданушылар цифрлық құжаттарды ерқашан ұялы телефоннан көрсете алады. Енді колледж түлектері eGov Mobile қосымшасы арқылы құжатты цифрлық форматта қолдана алады. Осыған дейін eGov mobile пайдаланушылары үшін жоғары оқу



орындарының дипломдары мобильді қосымша арқылы қолжетімді болды. Бұл қажетті құжаттарды алу және ұсыну процесін едәуір жеңілдетеді», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Кошнякин.

Цифрлық құжатты қолдану үшін eGov mobile қосымшасының басты бетінде «Цифрлық құжаттар» сервисін таңдау керек. Пайдаланушы құжатпен QR код немесе 6 таңбалы код арқылы бөлісе алады. (1-сурет).

Цифрлық құжат - түпнұсқа құжаттың аналогы. Қазіргі уақытта «Цифрлық құжаттар» сервисінде 27 құжат қолжетімді: оның ішінде

жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, ҚР азаматының паспорты және басқалары бар.

Сіз мобильді қосымшаны iOS жүйесінің пайдаланушылары үшін App Store платформасынан, сондай-ақ Android жүйесінің пайдаланушылары үшін Play Market және App Gallery-ден жүктей аласыз.

Қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, ҚР Оқу-ағарту министрлігі және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жұмысының арқасында іске асырылды.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы www.nitec.kz

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 18 ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ПУНКТ АШУ ЖОСПАРЛАҒАН



Жетісу облысында өткен жылы 5 модульді ветеринариялық пункттер қолданысқа берілді, ағымдағы жылы тағы 18 пункт ашу көзделуде. Ветеринария мамандарының жұмысын оңтайландыру мақсатында «VET-MOBILE» мобильді қосымшасын қосу және арнайы авто көліктермен жабдықтау шаралары іске асырылуда, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша, өңірде мал шаруашылығын қолдауға 2023 жылы 6,6 млрд. теңге субсидия бөлініп, 5,4 млрд. теңгесі игерілді. Қосымша 5,9 млрд. теңге көлемінде қаражат қарастыруға тиісті өтінімі жолданды. Жыл басынан «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жеңілдетілген несиелен 2,2 млрд. теңгеге 10,8 мың бас мал сатып алын-

ды, оның ішінде ірі қара мал – 2,3 мың бас, жылқы – 2,3 мың бас, ұсақ мал – 6,1 мың бас, түйе – 19 бас.

Жұртшылықтың малын қоғамдық жайылымдармен қамту жұмысы ерекше бақылауға алынған. Облыс бойынша қоғамдық жайылымға 719,4 мың гектар жер бекітілді және бүгінгі күнге бар қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында 688 мың гектарды қосымша бекіту бойынша жұмыстар атқарылуда.

Биылғы жылы мал қыстату науқанына азықтың қажеттілігі 1 млн. 985 мың тонна, қосымша қорды ескеріп 2 млн. 205 мың тонна жем-шөп дайындау жоспарланып отыр (шөп – 1271 мың тонна, пішіндеме – 117,3 мың тонна, сурлем – 204 мың тонн, сабан – 300 мың тонна, жем – 313,1 мың тонна).

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ



ЕНПФ представляет подробный отчет об инвестировании пенсионных накоплений

Инвестиционные портфель пенсионных активов на 1 июня 2023 года

На сайте epnf.kz представлен отчет об управлении пенсионными активами НБРК и УИП по состоянию на 1 июня 2023 года. Подробный отчет об инвестировании пенсионных сбережений размещен на сайте epnf.kz в разделе «Показатели - Инвестиционная деятельность», в котором ежемесячно предоставляется информация об управлении пенсионными активами Национальным Банком Республики Казахстан (НБРК) и управляющими инвестиционным портфелем (УИП). Общий объем пенсионных активов на 1 июня 2023 года составил порядка 15 846,7 млрд тенге. При этом пенсионные активы ЕНПФ, находящиеся в доверительном управлении Национального Банка Республики Казахстан, составили 15 833,03 млрд тенге. Пенсионные активы под управлением УИП составили 9,08 млрд тенге.

Инвестиционный портфель пенсионных активов под управлением НБРК

Основные направления инвестирования пенсионных активов НБРК на 1 июня 2023 года выглядят следующим образом: государственные ценные бумаги Министерства финансов РК - 46,96%, облигации квазигосударственных компаний - 10,72%, облигации и депозиты банков второго уровня Республики Казахстан - 5,68%, ГЦБ иностранных государств - 4,70%, ценные бумаги международных финансовых организаций - 2,38%, корпоративные облигации казахстанских эмитентов - 0,10%.

Инвестиционный портфель в разрезе валют, в которые номинированы финансовые инструменты, приобретенные за счет пенсионных активов, по состоянию на 1 июня 2023 г. выглядит таким образом: инвестиции в национальной валюте - 70,95%, в долларах США - 29,01%, в другой валюте - 0,05% портфеля пенсионных активов. Из анализа структуры полученного дохода следует, что доходы в виде вознаграждения по ценным бумагам, в том числе по размещенным вкладам и операциям «обратное РЕПО» и от рыночной переоценки ценных бумаг, составили 564,07 млрд тенге, по активам, находящимся во внешнем управлении - 28,53 млрд тенге, прочие доходы - 2,09 млрд тенге. При этом переоценка иностранной валюты принесла убыток в размере 86,2 млрд тенге.

Таким образом, за счет диверсификации инвестиционного портфеля пенсионных активов по инструментам, отраслям и валютам общий доход за май 2023 г. является положительным.

В результате инвестиционной деятельности, а также вследствие волатильности курсов иностранных валют и изменения рыночной стоимости финансовых инструментов, размер начисленного инвестиционного дохода с начала 2023 года составил 508,06 млрд тенге. Доходность пенсионных активов

ЕНПФ, распределенная на счета вкладчиков (получателей) с начала 2023 года, составила 3,13% при инфляции в размере 4,80%.

При этом по состоянию на 1 июня 2023 года доходность пенсионных активов за последние 12 месяцев (с июня 2022 года по май 2023 года) для вкладчиков (получателей) ЕНПФ составила 11,39%.

Напомним, что в средне- и долгосрочной перспективе обеспечивается положительная реальная (превышающая накопленную инфляцию) доходность пенсионных накоплений.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением НБРК с указанием эмитентов и обзор инвестиционной деятельности размещены на официальном сайте ЕНПФ. Напомним, что в Казахстане действует модель государственной гарантии сохранности пенсионных накоплений. В соответствии со статьей 5 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» государство гарантирует получателям сохранность обязательных пенсионных взносов и обязательных профессиональных пенсионных взносов в ЕНПФ в размере фактически внесенных взносов с учетом уровня инфляции на момент получения права на пенсионные выплаты.

Управляющие инвестиционным портфелем

Общий объем средств, находящихся под управлением УИП, составляет 9,08 млрд тенге.

По состоянию на 01.06.2023 г. пенсионные активы, находящиеся в доверительном управлении АО «Jusan Invest», составили 3,87 млрд тенге.

Самые значительные вложения компании: ГЦБ МФ РК - 37,58%, паи Exchange Traded Funds (ETF) - 33,5%, ноты НБРК - 11,67%; ГЦБ иностранных государств - 9,20% портфеля. Отметим, что 57,13% портфеля представлено в тенге; 42,87% - в долларах США.

В результате инвестиционной деятельности, а также вследствие волатильности курсов иностранных валют и изменения рыночной стоимости финансовых инструментов размер начисленного инвестиционного дохода с начала года по состоянию на 1 июня составил 187,94 млн тенге. Доходность пенсионных активов составила 4,23%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «Jusan Invest» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ.

По состоянию на 01.06.2023 г. пенсионные активы, находящиеся в доверительном управлении АО «Halyk Global Markets», составили 2,53 млрд тенге.

Основные инвестиции в структуре портфеля таковы: «обратное РЕПО» (не более 90 календарных дней) составляет 36,13%; облигации квазигосударственных организаций РК - 20,29%; долевые инструменты иностранных эмитентов (пай ETF) - 14,86%; облигации МФО - 10,7%, ценные бумаги, имеющие статус государственных, выпущен-

ные центральными правительствами иностранных государств - 6,95%. Инвестиции в национальной валюте составили 77,69% портфеля, в долларах США - 22,31%.

В результате инвестиционной деятельности размер начисленного инвестиционного дохода с начала года по состоянию на 1 июня составил 177,65 млн тенге. Доходность пенсионных активов составила 6,52%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «Halyk Global Markets» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ.

Пенсионные активы ЕНПФ, находящиеся в доверительном управлении АО «BCC Invest», составили 1,43 млрд тенге.

Среди основных направлений инвестиций можно выделить следующие: государственные облигации РК - 33,61%; облигации квазигосударственных организаций Республики Казахстан - 23,01%; РЕПО - 9,98%, облигации МФО - 6,38%, корпоративные облигации эмитентов-резидентов РК - 5,68%, акции и депозитарные расписки иностранных эмитентов - 4,42% портфеля. В инструменты в национальной валюте инвестировано 77,36% портфеля, в долларах США - 22,64%.

В результате инвестиционной деятельности размер начисленного инвестиционного дохода с начала года по состоянию на 1 июня составил 83,63 млн тенге. Доходность пенсионных активов составила 5,30%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «BCC Invest» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ.

Пенсионные активы ЕНПФ, находящиеся в доверительном управлении АО «Сентрас Секьюритиз», составили 972,75 млн тенге.

59,13% активов инвестировано в ГЦБ МФ РК; денежные средства на инвестиционных счетах составляют 18,83%; акции и депозитарные расписки, выпущенные организациями Республики Казахстан - 9,58%, облигации квазигосударственных организаций - 8,36%. В инструменты в национальной валюте инвестировано 77,75% портфеля, в долларах США - 22,25%.

В результате инвестиционной деятельности и изменения рыночной стоимости финансовых инструментов размер начисленного инвестиционного дохода с начала года по состоянию на 1 июня составил 43,52 млн тенге. Доходность пенсионных активов составила 4,09%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «Сентрас Секьюритиз» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ.

По состоянию на 1 мая 2023 года пенсионные активы, находящиеся в доверительном управлении АО «ДО Народного Банка Казахстана «Halyk Finance», составили 267,90 млн тенге.

Основные инвестиции в структуре портфеля таковы: «обратное РЕПО» (не более 90 календарных дней) - 69,10%, ГЦБ МФ РК - 8,25%, корпоративные облигации эмитентов РК - 7,52%, МФО - 6,50%, облигации квазигосударственных организаций Республики Казахстан - 4,89%.

В инструменты в национальной валюте инвестировано 96,73% портфеля, в валюте евро - 3,27%. В результате инвестиционной деятельности размер начисленного инвестиционного дохода с начала года по состоянию на 1 июня составил 10,99 млн тенге. Доходность пенсионных активов составила 6,68%.

Подробная структура инвестиционного портфеля финансовых инструментов под управлением АО «ДО Народного Банка Казахстана «Halyk Finance» с указанием эмитентов представлена на сайте ЕНПФ.

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ



Домбыра жер бетінде кеңінен тараған шертпелі аспаптардың қатарына кіреді. Бүгін - Ұлттық домбыра күні. 2018 жылдан бері шілденің алғашқы жексенбісі қазақтың төл аспбының күні ретіне тойланып келеді

Нағыз қазақ-қазақ емес, нағыз қазақ - домбыра» деген Қадыр Мырза-әлінің сөзін ұран еткен халқымыздың көңіл төрінде домбыраның орны ерекше. Себебі басынан небір қилы заман өтсе де, жаугершілікті бастан өткеріп, бодандық қамытын кісе де төл аспабы қолынан түспеді. Одан тараған қоңыр үн жадында тарих боп қатталып, шежіре боп шертілді.

Ел аузындағы аңыз бойынша әйгілі Шыңғыс ханға Жошының өлімін жеткізген де домбыра еді. Ал зерттеушілердің айтуынша, домбыра туралы алғашқы ғылыми деректер әл Фарабидің жазбаларында «тамбур» деген атпен кездеседі.

Домбыра жер бетінде кеңінен тараған шертпелі аспаптардың қатарына кіреді. Өнертанушылар мен тарихшылар мұндай аспаптар ғылымда X ғасырдан бастап белгілі деп тұжырымдайды. Алайда 2010 жылы елдегі БАҚ тарихы біздің заманымыздың V ғасырынан басталатын «ата домбыра» табылғанын айтып сүйінші сұраған болатын.

1500 жыл бұрын қоданыста болған делінетін кене аспап Алтай тауының Моңғолия жағындағы Үңгіртас деген үңірден табылған. Әуелі малшының қолына түскен аспап, кейін археологтардың қызығушылығын оятып, 2008 жылы мемлекет қамқорлығына алынады. Бұл ғылыми жаңалыққа қазақ ғалымдарының арасынан танымал тұрколог, филология ғылымдарының докторы Қаржаубай Сартқожаұлы назар аударып, аспаптың домбыраның арғы «атасы» екенін дәлелдеп шығады.

Осылайша шертпе аспаптардың тарихы біздің заманымыздың V ғасырынан бастау алатыны белгілі болды. Бірнеше айларға созылған келіссөздерден кейін ғана Моңғолия тарапы домбыраның көшірмесін алуға рұқсат беріп, кейін сол көшірме негізінде жасалған кене домбыраның нұсқасы музейге қойылды.

Домбыраны мектепке пән ретінде енгізу ұсыныстары ең биік мінберлерден айтылып жүр.

2019 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық домбыра күніне арналған шарада сөз сөйлеп, осындай идея айтқан болатын.

«Бұл рухани жаңғыру жолының негізгі арқауы. Бүгінде ұлттық аспабымыз күллі әлем мойындаған мәдени құндылыққа айналды. Бұл қазақтың қасиетті қара домбырасына берілген әділ баға. «Өнер ұлт келбеті» дейді дана халқымыз. Баршамазға ортақ құндылық домбыраны жан-жақты насихаттап, жас ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Домбыра аспабы қайталанбас асыл дүние. Сондықтан мектепте домбыра үйрену сабақтарын енгізу қажетті әрі дұрыс бастама. Себебі қазіргі жаппай жаһандану уақытында халқымызға тән бірегей құндылықтарды жаңғырта беруіміз керек», - деген еді Мемлекет басшысы.

2014 жылы қазақтың күй өнері мен киіз үй ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұраларының тізіміне кірген. Осылайша домбыра шаңағынан шыққан қазақ күйлері ЮНЕСКО-ның да қамқорлығына өткен.

Ұлттық домбыра күніне орай, аудандық аналар кеңесінің төрайымы Дина Карипова аудандық перзентханада айтулы мерекеді дүниеге келген сәбилердің аналарын құттықтады.

ЖШ АҚПАРАТ

НОВЫЙ ЦИФРОВОЙ ДОКУМЕНТ ДОСТУПЕН В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE

В мобильном приложении eGov Mobile доступен новый цифровой документ - «Диплом колледжа».

Диплом колледжа - документ, свидетельствующий о наличии у его владельца среднего специального образования. Теперь предоставить данный цифровой документ можно электронно, имея при себе смартфон с установленным приложением eGov Mobile.

«Одним из достижений приложения eGov Mobile считается - раздел «Цифровые документы». Благодаря данному сервису цифровые документы всегда под рукой. Теперь выпускники колледжей также могут получить цифровой формат документа через приложение eGov Mobile. Ранее для пользователей eGov Mobile реализован доступ на дипломы высших учебных заведений. Это значительно упрощает процесс получения и предоставления необходимых документов», - прокомментировал Председатель Правления АО «Национальные информационные технологии» Ростислав Конашкин.

Для того, чтобы найти цифровой документ необходимо авторизоваться

в приложении, на главной странице кликнуть на «Цифровые документы». Пользователь может открыть доступ к документу с помощью QR-кода или 6-значного кода, что поможет стороне, запрашивающей убедиться в их подлинности (рисунок - 1).

Цифровой документ - аналог оригинала документа. На данный момент сервис «Цифровые документы» содержит 27 документов, в том числе удостоверение личности, водительское удостоверение, паспорт гражданина РК и другие.

Скачать мобильное приложение Вы можете на платформе App Store для пользователей системы iOS, а также в Play Market и App Gallery для пользователей системы Android.

Услуга реализована благодаря работе Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, Министерства просвещения РК и АО «Национальные информационные технологии».

Управление по связям с общественностью
АО «НИТ»
www.nitec.kz

АДАМ КӨҢІЛ-КҮЙІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА ӘСЕРІ

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ



және арқаның ауруы, терідегі бөртпе, псориаз және экзема.

Қорқыныш

Қорқыныш бүйрек пен репродуктивті жүйенің жұмысын бұзады. Қорқыныш тудыратын жағдаяттар денені қорғануға әзірлеп, ағзадағы энергия ағымын сарқиды. Бұл тыныс алуды жиілетіп, қан айналымын баяулатады. Зәр шығаруды жиілетіп, бүйрекке күш түсіреді. Сондай-ақ қорқыныш бүйректі бездерінің ағзаға зиянды күйзеліс гормондарын бөледі қамтамасыз етеді. Қатты қорқу бүйректі безінің, бүйректің және төменгі ішек ауруын, зәр шығару жолдары ауруларын тудыруы мүмкін.

Қорқыныш әсіресе, балаларға қауіпті. Аталған эмоция балаларда жайсыздық тудырып, өзіне деген сенімділіктен айырады. Есеңгіреу Шок, яғни есеңгіреу – күтпеген жағдайдан туындайтын жарақат. Кенеттен болған жағдайлар ағзадағы балансты бұзып, күйзеліс пен қорқыныш тудыруы мүмкін. Оның сіздің денсаулығыңызға, әсіресе бүйрек пен жүрекке зияны бар. Шок кезіндегі реакция адреналлин бөледі. Бұл жүректің жиі соғуына, ұйқысыздық пен мазасыздыққа ұласады. Тіпті ми жұмысына да әсер етеді.

Тітіркену және жек көру Жек көру мен тітіркену ішек жұмысына, кеуде ауырсынуына, жүрек соғысының жиілеуіне әкеп соқтырады. Бұл қан қысымының көтерілуіне әкеледі. Жиі тітіркенетін адамның терісі қартаюға бейім болады. Тітіркену бауыр жұмысына тікелей әсер етеді. Егер адам біреуді жек көрсе, ағзада бауыр мен өттің қабынуына әкелетін молекулалар бөлінеді екен. Қызғаныш Қызғаныш тікелей миға, бауырға және өт жұмысына әсер етеді. Сондай-ақ ойлау қабілетін бәсеңдетіп, көру қабілетін нашарлатады. Сонымен қатар қызғаныш үрейге, күйзеліске, имундық жүйенің әлсіреуіне, өттің қабынуына, қан қысымының көтерілуіне, ас қорытудың бұзылуына, ұйқысыздыққа жеткізеді. Бұдан бөлек, денсаулыққа қобалжудың да кері әсері бар.

Қобалжу асқан ауруына, өт жолының бұзылуына, көкбауырға зияны бар. Шектен тыс қобалжу тұқым қуалайтын ауруларды өршітуі мүмкін. Қай жағынан алып қарасақ та, көңіл күй денсаулықпен тікелей байланысты. Оның ішінде жүрекке әсері күшті. Жыл сайын әлемде 17 млн адам жүрек ауруынан көз жұмады. Сондықтан эмоцияны тежей біліп, көңіл күйді бірқалыпта ұстауды үйренейік. Дәрігерлердің айтуынша, қазір жастардың арасында жүрек аурулары жиілеп кеткен. Бұған қоршаған орта мен қимылсыз қоғам дәлел бола алады. Сол себепті, бос уақытты тиімді пайдалану керек. Серуендеп, дене еңбегімен айналысып, күнделікті физикалық белсенділікті бір арнаға түсіру қажет. Күннің көп бөлігін спортпен айналыса берме, жүректі бақылауға арнаңыз. Бір мезет цифрлы әлемнен шығып, денсаулық деген қымбат қазынаны қорғауға күш жұмсаңыз!

Дайындаған: С. ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Сіздің ойыңыз денсаулығыңызға шабуыл жасай алатынына хабарыңыз бар ма? Денсаулықтың салауатты өмір салтымен, генетикамен және ағзадағы ауытқушылықпен байланысы барын білеміз. Алайда ішкі ағза мен көңіл-күйдің арасында біз біле бермейтін қандай байланыс бар? Көңіл-күйіңді бірқалыпты ұстаудың пайдасы ұшан-теңіз. Эмоциясын басқара алатын адамның жетістікке жылдам жететінін ғалымдар дәлелдеген. Олар психологиялық тұрғыдан сізді және қоршаған ортаны зерттей білетіндер. Ал эмоциясын тежей алмайтындар ше?

Отбасы жағдайлары, жұмыстан қуылу, қаржылық қиындықтар және жақын адамның қайтыс болуы психологиялық күйімізге қатты әсер етеді. Мұның да денсаулыққа төндіретін қаупі бар. Жалпы, бәріміз күн сайын түрлі көңіл-күйді бастан өткіземіз. Ашулану, қызғаныш, қобалжу, шектен тыс қуану, қорқыныш, күйзеліс, күмәндану, жек көру және тағы басқалары ағзаға түрліше әсер етеді. Көңіл күйдің денсаулыққа кері әсері төмендегідей.

Ашулану

Ашу – адамның ырқына бағына бермейтін күш. Нәтижесі сізге моральдық қиындық пен жағымсыз көңіл-күй сыйлайды. Ашуды ақылға жеңдіре білу – денсаулыққа пайдалы. Алайда көбіне ашуланудың арты ауруға душар етеді. Атап айтқанда, жүрек қан-тамыр ауруларының пайда болуына жол ашады. Сонымен қатар ашу адамның логикалық ойлау қабілетін тежейді. Ашулану қан тамырларының тарылуына, жүрек соғысының жылдамдығына, қан қысымының көтерілуіне әкеп соғады. Ғылыми деректерге сүйенсек, ашуланғанда инфаркт алу мүмкіндігі 8 есеге дейін ұлғаяды екен.

Сонымен қатар ашулану артрит, қант диабеті және қатерлі ісік ауруларын асқындыратын цитокиндердің өршу деңгейін жоғарылатады. Ашуды тежеу үшін күнделікті режиміңізді өзгертіңіз. Көбірек спортпен шұғылданыңыз. Ашу ырқыңызға бағынбаса, психолог маманның қабылдауына жазылғаныңыз жөн.

Мазасыздық

Жиі мазасыздану денсаулығыңызға кері әсерін тигізеді. Алаңдау көкбауыр мен асқазанның жұмысын төмендетеді. Сіз алаңдаған кезде,

денеңізде химиялық реакция жүреді. Нәтижесінде, жайсыздықты сезесіз әрі асқазаныңыз сыр береді. Алаңдау мен мазасыздық диарея, жүрек айнуы және басқа да созылмалы ауру тудыруы мүмкін. Шектен тыс мазасыздану қан қысымының көтерілуіне, иммунитеттің төмендеуіне және ерте қартаюға әкеледі. Сондай-ақ ұйқыңыз бұзылып, дел-сал күйге түсуіңіз ғажап емес.

Қайғыру

Адам көңіл-күйінің тезге түспейтін түрі – қайғыру. Бұл эмоция түрімен ұзаққа дейін күрес жүргізесіз. Дәрігерлер адамзатты қайғыға салынбауға шақырады. Себебі, мұңаудың өзіңіз ойлағаннан да көп зардабы бар. Қайғы мен мұң өкпе жұмысын нашарлатады. Тез шаршауды тудырады әрі тыныс алуды қиындатады. Тыныс алудың табиғи жолын бітеп, өкпе мен бронхқа күш түсіреді. Сіз қайғыға берілсеңіз, ауаның өкпеге жету жолы тарылады. Бұл астма мен бронх ауруларына әкелуі мүмкін. Депрессия мен меланхолия кезінде іш қатады, қандағы оттегінің деңгейі төмендейді және теріні бұзады. Күйзеліске (депрессияға) түскендерде баланс жоғалады. Жылдам салмақ қосыңыз немесе арықтауыңыз мүмкін. Қайғырсаңыз, өз-өзіңізді тежеудің қажеті жоқ, жылап алыңыз. Мұндай көңіл-күйді ең дұрыс шешім осы.

Күйзеліс

Әрбір адам күйзеліске әртүрлі жолмен төтеп береді. Кейде күйзеліс күнделікті шаруаларды шешуге және денсаулыққа пайдалы. Алайда күйзеліске жиі ұшырасаңыз, қан қысымының жоғарылауы, астма, асқазан жарасы және ішектің тітіркену синдромы пайда болады. Күйзеліс кезінде жүрек ауруларының пайда болу көрсеткіштері жоғарылайды. Қан қысымы және қандағы холестерин деңгейін арттырады. Сонымен қатар зиянды әдетке тез-ақ үйреніп кетесіз. Физикалық белсенділіктің төмендеуі, шығлым шегу және тамақтану режимі бұзылады. Бұдан басқа ауруларға да кезігіп қалуыңыз мүмкін. Мәселен, шаштың түсуі, дененің құрғауы және ауыздың айналасындағы бөртпелер, психологиялық проблемалар: ұйқысыздық, жайсыздық, бас ауруы, гипертония және жүрек қан-тамыр аурулары, иық пен мойын тұсын ауырсыну, жүйке тіндерінің



Есіл жағасындағы әсем қала. Астана күні – мемлекеттік мереке. Әлемдегі үздік 30 қаланың тізіміне енген Астананың өзіндік тарихы бар. Бұл жазбамызда Астана күнінің қалай пайда болғаны туралы қызықты мәліметтерді бөлісеміз.

Астана күнінің тарихы қай кезден басталады?

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңда Астана күнін тойлау мерзімі 6 шілдеде белгіленген. Астана күнінің ел азаматтары үшін қоғамдық-саяси маңызды саналатын мемлекеттік мәртебесі бар. Заң бойынша мереке күндерінде халыққа демалыс беріледі.

Астана күні неліктен 6 шілдеде тойланады?

Тарихқа көз жүгіртсек, бұл күні қалаға астана мәртебесін беруге қатысты алғашқы құжат қабылданды. 1994 жылы 6 шілдеде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Астананы Ақмола қаласына көшіру туралы» қаулы қабылдады. Елорданы Алматыдан басқа қалаға көшіру туралы шешімнің бірнеше себебі бар еді. Соның ішінде Қазақстанның оңтүстік шекарасында орналасқан Алматының өнеркәсіп орталықтарынан шалғай орналасуы ықпал етті. Ақмола облыстардың ішінде алдыңғы қатарда болды. Сонымен қатар бұрынғы астананы одан әрі кеңейту мүмкіндігі аз болды, ал Ақмоланың бұл жағынан перспективасы зор. 1997 жылы орталық мемлекеттік мекемелер Ақмолаға ресми көшірілгеннен кейін елордаға қатысты тағы бір маңызды шешім қабылданды. 1998 жылы 6 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қалаға «Астана» деген жаңа атау берілді. Қазақстан Республикасының жаңа астанасы ретінде Астана қаласының халықаралық тұсаукесері 1998 жылы 10 маусымда өтті. Одан кейін 10 жыл бойы қала күні жергілікті халық арасында 10 маусымда аталып келді. Ал 2008 жылы мерекелер туралы заңға қосымшалар енгізіліп, соған сәйкес Астана күні мемлекеттік мереке болып бекітілді. Кейін 2019 жылы 20 наурыз күні Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөз сөйлеп, Елбасының атын мәңгі сақтау мақсатында Астана қаласының атауын Нұр-Сұлтан деп өзгерту жөнінде ұсыныс жасады. Міне, осы күні Астана қаласының атауын Нұр-Сұлтан деп өзгерту туралы Заң қабылдады. Ал 2019 жылғы 23 наурызда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы деп қайта атау туралы Жарлыққа қол қойды. Аз да болса, азығы мол, жемісі көп қаншама жыл ішінде Нұр-Сұлтан беделі мен қуаты асқан, әлемге өз үлесін қосқан жасампаз қалаға айналды. Иә, жыл сайын елімізде Астана күні кең көлемде тойланып келеді. Осылайша қазақ елі «Астана күнін» 6 шілдеде атап өтеді.

Астананың сұлу келбеті.

XIX ғасырдың басынан бері тарихтағы өзгерістердің бастауы болған ескі қаланың жаңа мәртебеге сай болуы үшін келбетіне ерекше мән берілді. Астанада жаңа құрылыс жобалары жүзеге асырылды, жаңа астананың танымал символдарына айналған ғимараттар салынды: «Бәйтерек» монументі. Қазақстанның Ұлттық музейі. Бұл – Орталық Азиядағы ең үлкен музей. Бейбітшілік және келісім сарайы. «Астана» орталық концерт залы. «Хан-Шатыр» ойын-сауық орталығы – әлемдегі ең үлкен шатыр. Астана күніне орай елорданың көрнекті ғимараттарының маңайы түрлене түседі. Бұл аумақтар мерекелік концерттер, көрмелер және басқа да бұқаралық іс-шаралар өтетін орынға айналады. Астана елорда мәртебесіне ие болған 20 жыл ішінде, яғни, 2017 жылға қарай миллионнан астам тұрғыны бар қалаға айналды. Сонымен қатар республикалық маңызы бар қала мәртебесі берілді. Қазіргі статистика бойынша Нұр-Сұлтан қаласының 1 миллион 376 528 тұрғыны бар. Елорда тұрғындарының басым көпшілігін титулдық ұлт өкілдері құрайды. Бүкіл Қазақстандағы сияқты мұнда да ондаған өзге этнос өкілдері

тұрады. Түрлі ұлт өкілдерінің татутәтті өмір сүруінің арқасында 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен Астанаға «Бейбітшілік қаласы» атағы берілді. Кешкі «Ханшатыр» көрінісі.

Астана туралы қызықты деректер

Астана туралы қандай қызықты деректер бар? Ел Астанасы – әлемдегі ең салқын қалалардың бірі. Канада астанасы Оттавадан да суық қала. Ол әлем бойынша Монголия астанасы Улан-Батордан кейінгі суық астана болып саналады. «Ханшатыр» ойын-сауық орталығы әлемдегі шатыр пішініндегі ең үлкен ғимарат ретінде Гиннес рекордтар кітабына енген. Ғимараттың биіктігі – 150 метр. islam.kz сайтының мәліметі бойынша Құран Кәрім кітабының ежелгі көшірмесі Әзірет Сұлтан мешітінде сақтаулы. VIII ғасырдағы көне қолжазба Ресейде күмістен дайындалған. Ал «Әзірет Сұлтан» мешіті – Орта Азиядағы ең үлкен мешіт саналады. Оның аумағы 11 гектарды құрайды, ішіне шамамен 10 мың адам сияды. Қазақстандағы ең үлкен ту Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан. Көлемі 15х30, 111 метр биіктікте тұр. Нұр-Сұлтандағы ұлттық академиялық кітапханада 2,5 миллионнан астам кітап қоры бар. «Әзірет Сұлтан» мешіті – Орта Азиядағы ең үлкен мешіт.

Қазақстанда Астана күні қалай тойланады?

Бас қаланың төл мерекесін бүкіл ел тойлайды. Салтанатты шаралар Астанада ғана емес, ірі қалаларда да өтеді. Айтулы мереке мемлекеттік туды көтеру рәсімімен басталады. Одан кейін бұқаралық мәдени-спорттық шаралар жүзеге асырылып, көрмелер, концерттер мен қойылымдар ұйымдастырылады. Кешкі уақытта көше бойында халықтық мерекелер өтіп, дәстүрлі түрде түрлі-түсті отшаулар жасалады. Бұл күні елордада спорттық шаралар ұйымдастырылады. Дәстүр бойынша дуатлоннан қалалық турнир өтеді. Мыңдаған спортшы мен әуесқойлар 5 және 20 шақырымдық веложарысқа қатысады. Жеңімпаздарға сыйлықтар беріледі. Қалада мерекеге арнап үрмелі аспаптар оркестрлерінің фестивальдері, сондай-ақ цирк өнері мен балалар шығармашылығына арналған шаралар өтеді. Халықаралық деңгейде этникалық музыка фестивалін өткізу дәстүрге айналған. Оған әр елден ұлттық аспаптарда ойнайтын ұжымдар шақырылады. Әсіресе, «Ұлттық домбыра күніне» арналған шаралар Астана күніне орайластырылады. Мұндай шараларға балалар, домбырашылар атсалысады. Елорда тұрғындары мен қонақтарын бұл күні отандық және шетелдік жұлдыздардың қатысуымен өтетін концерттер, жеке концерттер сондай-ақ көркемөнерпаздардан құралған шығармашылық ұжымдар мен этноансамбльдердің кештері күтеді. Дәстүр бойынша Астана күнін тойлауға белгілі театр ұжымдары гастрольдік сапармен келеді. Олар «Астана-Опера», «Астана-Балет» және басқа да мәдениет ордаларында өнер көрсетеді. Мереке қарсаңында отандық және шетелдік суретшілердің көрмелері ұйымдастырылады. Елорда тұрғындары мен қонақтары көркем галереялардан әкелінген экспозицияларды тамашалай алады. Көрмелерден кәдімгі кенептен басқа жаңа технологияларды (бейне инсталляциялар, цифрлық өнер) қолдану арқылы жасалған жұмыстарды байқауға болады. Сондай-ақ, суретшілердің және дизайнерлердің шығармашылық кездесулері де өтеді. Мерекеге орай Астанаға мыңдаған биші арнайылап келеді. Бұл қалада көше биі, эстрадалық және халық билерінің байқаулары өткізу дәстүрге айналып үлгерді. Астана күніне соңғы жылдары Қазақстанның түкпір-түкпірінен ғана емес, Еуропа мен Америкадан да бишілер арнайылап келетін болды. Қазақ елі Астананы дала кеңістігіндегі тамаша оазис іспетті мақтан тұтады. Мереке қарсаңында және Астана күнінде мұнда ұйымдастырылатын көпшілік шаралардан ешбір адам қалыс қалмайды деуге болады.

Сагира УАЛИЕВА

САЛТ-ДӘСТҮР АСЫЛ ҚАЗЫНАМ!

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып халықтың рухани өзегі, тілінің тірегі, мәдениеттің арқауы. Адамның жарық дүниеге келген күнінен бастап, оның есейіп, қартайып, о дүниеге аттанып кеткенге дейінгі өмірімен біте қайнап жатқан жөн-жоралғыларымыз бен ырым-тыйымдарымыз қазақтың ұлттық салт-дәстүріне келіп тоғысады.

XIX ғасырда қазақтың салт-дәстүрін зерттеген Семенов Тянь-Шанский «Бұларды оқытудың қажеті жоқ. Салт-дәстүрлері түгел тұнып тұрған білім!» деп бекер айтпаған. Сондықтан келер ұрпақ өзінің салт-дәстүрін толық меңгерсе, оның ұлт ретіндегі болашағы жарқын. Осындай идеологияны жүзеге асыруды басшылыққа алып, бүгінгі жас ұрпаққа ұстаздық шеберлікпен санаға біртіндеп сіңіру арқылы «Қазақ аналары – дәстүрге жол» жобасының атқарар рөлі зор. Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан ата дәстүрінің желісін үзбей халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздің қарашығындай сақтап, ілгері дамытып отыру және де болашақ ұрпаққа жеткізу, көрсетуді мақсат тұтты. Қазақ халқының салт-дәстүрлері: бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер, тұрмыс-салт дәстүрлері, әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер болып үш үлкен топқа бөлінеді. Соның ішінде бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға баланың дүниеге келгеннен бастап жүргізілетін шілдехана, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесуден бастап қыз бала мен ұл баланы келешек отбасы – жанұя құруға, шаруашылыққа, өмірге, еңбекке бейімдеуге арналған жөн-жоралғылар кіреді.

Ал тұрмыс-салт дәстүрлеріне қазақтың киіз үйі, киіз үйдің жиһаздары, ұлттық киімдер мен тағамдар, мал бағу, егіншілік кәсіптерге үйретудің тәлімгерлік түрлері енеді. Сондай-ақ әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлерге: ауыл адамдарының туыстық қарым-қатынастары, ұлттық музыка аспаптары, қонақ күту, тағы басқа рәсімдері жатады.

Осындай дәстүрлеріміздің ішіндегі ұрмыс-салт дәстүрлеріне жататыны қазақтың киіз үйі. Оның құрылымдық ерекшелігіне назар аударсақ, жинақылығы мен ыңғайлылығы өз алдына, сәулеттік шешімі мен сырт пішімі ерекше сұлулығымен дараланып тұрады. Тек қана сәулет өнерінің озық үлгісі емес, сонымен қатар астрономия, математика, физика, экономика, дін, этнография, т.б. өмірлік тәжірибесіндегі адамзат білімінің айқын көрсеткіші, қазақ ұлтының білім биігі. Небары сүт пісірмейдей уақытта бір түйеге жүк болып жинала қалатынына таң қаласың. Қазақтың баспанасы болған



киіз үйдің бөлшектеріне шаңырақ, уық, кереге, босаға, ал жиһаздарына сандық, сырмақ, ши, құрақ, сонымен бірге ыдыс-аяқтарына келі мен келісап, қол диірмені жатады. Киіз үйдің бөлшектерінің ішінде шаңырақ пен босаға ерекше қастерленеді. Оның тарихы әріден басталады. Біздің заманымыздың VII ғасырларда кеңінен пайдаланыла бастаған.

Сонымен қатар ұлттық қолөнеріміздің ішіндегі сырмақ тігу, ши мен кесте тоқу, жүн сабау және тұту, ұршық иіру, құрақ құрау және келі мен келісаптың, қол диірменінің өзіндік тарихы баяндалып, қолданылуын, қалай жұмыс жасайтындығынан шеберлік сағаттары өтті. Мысалы қазақтың ұлттық ыдыс-аяқтары өте көп. Оның ішінде келі мен келісапты тары, бидай, жүгері сынды дөңді дақылдарды түйіп, жарма дайындау жолы көрсетілсе, біздің заманға дейінгі қол диірмені арқылы бидайдан ұн тартып шығарудың, нанның оңай жолмен келмейтіндігін сездіргендей. Ал құрақ – өнердің қайнар көзі дейді халқымыз. Қазақ халқының осынау қаралайым да қайталанбас, қиыннан қиыстырып құрақ кию және одан бағалы бұйым жасауы ертеден келе жатқан қолөнер түрі. Құрақтың екі жүзден астам түрі бар. Бұл өнерді меңгеруде оңай іс емес. Адамның шыдамдылығын, табандылығын, жарасымдылығын талап ететін киелі мұрамыз бүгінде өз мәнін жойған жоқ. Жүн тұту болсын, ұршық иіру болсын, ши тоқу болсын әр қолөнердің ерекшеліктері бар. Қай қайсысы да шеберлікті, ептілікті, ұқыптылықты талап етеді. Қолынан өнері тамған шеберлердің осындай шеберлік

сағаттары қазіргі жетіліп келе жатқан қыздарымызға керек-ақ.

Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлердің ішінде бесікке салу, құрсақ шашу, бата беру дәстүрлерінен кең көлемде көрініс көрсетілді. Зер салар болсақ, дәстүрдің көбісі бала тәрбиелеуге қатысты болып келеді. Сол үшін баланы ана құрсағында жатқаннан бастап күтімге алып қастерлейді, баланың дүниеге аман-есен келуін армандайды. Нәресте дүниеге келгеннен кейін шілдехана, бесікке салу рәсімдері жүреді. Қазақ халқы бесікке аса мән берген. Бесікке жатқан баланың таза, тұзу, жылы жатаындығы ескеріледі. Ұйқысы тыныш сәби дені сау ұрпақ болмақ. Ананың баласына айтқан әлдінің өзі тұнып тұрған тәрбие.

Батаны халқымыз киелі тілеу деп бағалайды. Қазақтың ақ батасы ұрпақтарын адамгершілікке, имандылыққа, ақыл мен парасаттылыққа баулыған. Қазақ халқында дастарқаннан батасыз тұрмаған. Рухани қазынасы болып табылатын бата-тілек халықтың тұтастық пен бірлігін, салт-дәстүрін, адамгершілік қасиеттерін сақтауда ерекше қызмет атқарады. «Ботаның құны бір-ақ жұт, бата – балаға мәңгі құт» деп бекер айтылмаса керек. Сондықтан да тек жақсылық пен бақытқа жол ашатынын ескеріп жүргеніміз абзал. Үлкеннің батасы – берекенің жарасымды жалғасы. Ақ бата әрбір жанның көгеріп, өркендеуіне септігін тігізеді хақ.

Әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлерге жататын қонақ күтудің де өзіндік жолы бар. Қазақ қашанда ақкөңілділігімен, мәрттігімен, қонақжайлығымен қазақ. Дастарқаннан үлкен, дәмнен үлкен нәрсе жоқ. Соның ішінде ет тағамдары ең басты орынды иеленеді. «Қонақ келсе құт» – деп, қазан-қазан ет асылып, сыйлы қонаққа табақ тартудың да жолын білген дұрыс. Ондай табақтарды жасауға халықтың әдет-ғұрпын, салт-санасын жақсы білетін көрегенді адамдар шақырылған. Асылған етті бас табақ, сый табақ, орта табақ және аяқ табақ деп негізінде төртке бөлінетіндігі де бар. Бұл жерде бас табаққа бас, жамбас салынуы шарт, ал орта табаққа асық жілік, кейде жамбас сияқты мүшелері салынып, оның ар жағында күйеу табақ, құдағи табағы, қыздардың табағы сынды табақтардың да тартылу жолының мәні орасан.

«Жиған тергеніңді тойда шаш» деп бабамыз айтып кеткендей, халқымыздың көптеген дәстүрлері тойға байланысты екен. Азды-кемді атап өткенімізбен ұмытылып бара жатқандары да баршылық. Оқып шығып ұнағанын тандаңыз.

Дәмету

«Дәметкен сары майдан кеудең құрсын» (халық өлеңі). Дәметудің әр түрі бар. Ал ырымда жас келіншектердің дәметуінің жәні бөлек. Жас балалар мен келіндер ата-енесі қонақтан келсе, олардан тәтті дәмететтін әдеті бар. Әсіресе, балалы жас келіндер дәметсе оның меселін қайтаруға болмайды. Әйткені, дәметіп отырып ойындағысы болма-

са оның емшегі ісіп кетеді. Бұл өмір шындығы. Ал үлкен кісілер, аналар, әжелер жас келіншегі бар үйге дәметіп қалар деп қашанда қалтасына дәм тұзын сала жатқандар. Бұл әркім ескере жүретін ескіден келе жатқан ырым.

Күйеуаяқ

Күйеуаяқ (ғұрып). Жігіт қалыңдығын алғаннан кейін әдеп бойынша енесін қошаметпен өз үйіне апарып салады. Ата енесі күйеу баласына ірі мал атайды. Мұны «күйеуаяқ» дейді.

Түйемұрындық

Түйемұрындық (ғұрып). Ұзатылып жатқан келіншек көшінің жолында отырған ауылдың адамдары (жастары, әйелдері) керуен атының ноқтасынан, не түйесінің бұйдасынан ұстап тұрып сұрайтын кәдесі. Қыз анасы оларға кәдесін жасайды, кәде алған риза болып, бақыт тілеп батасын беріп, жол болсын айтады.

Қыз қашар

«Қыз қашар» (дәстүр). «Быллайша қыз қашар дәстүрін өткізетін үйді «болыс үй» дейтін көрінеді». (Х.Арғынбаев). Күйеудің келуін «ұрын келу» десе, қыздың атастырылған күйеуін көруі «қыз қашар» дейді. Бұл «ұрын тойы» өтетін күні болады. «Ұрын той» жастар үшін көңілді, думанды тойлардың бірі. Бұған жас жеңгелер мен жастар қатынасады. Күйеуден алына-тын «қол ұстатар», «шаш сипатар», «қыз құшақтар», «арқа жатар», «көрпе қимылдатар» тағы сол сияқты кәделер осы жолы беріледі. Екі жастың бірін бірі көріп, тілдесуі де осы тойда болады. Екеуі де бірін бірі ұнатып, қалыңдық жігітке қыз белгісі орамалын және оның іні қарындастарына да түрлі сыйлықтар береді. Күйеу ұрын барғаннан кейін құдалық бұзылатын болса қазақ заңында өте ауыр іс. Үлкен дауға кетеді. Күйеу себепсіз бас тартса бұрынғы берілген мал қайтарылмайды және айып салынады. Батаны қыз жағы бұзатын болса қалың мал толық қайтарылады әрі айып төлейді.

Балдыз қалың

Кейде қалыңдық қайтыс болатын жайлар кездеседі. Мұндайда қалың малын төлеген болса, онда сол үйдің екінші қызын алуға құқы бар. Егер ер жігіт қалыңдығына ұрын барып, ол үйдің басқа қызы болмаса төлеген малдың жартысы қайтарылады. Егер бұрынғы қалыңдығына ұрын барған күйеу енді балдызын алатын болса, онда бұрынғының үстіне «балдыз қалың» төлеуге тиіс. Оған түйе бастатқан бір тоғыз қосылады. Күйеу бұрынғы қалыңдығына ұрын келмеген болса «балдыз қалың» төленбейді.

Қапқа салар

Қалыңдығын алуға келген күйеу барлық жол-жоралғысымен, яғни, құдалық кәдесімен, үлкендерге арналған сый-сияпатымен, той малымен келеді. Той басталды. Қыз өз үйінен аттанар алдында оның әкесі барлық құдаға киім кигізеді. Күйеу баласына да сыйлық береді. Бірақ ол киім емес «қапқа салар» деп аталады. Ол бағалы киім, қымбат ер тоқым, жігіт жарақтары немесе мал болуы мүмкін. Әрине бұл қайын атаның дәулеті мен мырзалығына, абырой беделіне сай жасалатын жолды дәстүр.

Атбайлар

Атбайлар (салт). Мұның да екі түрі бар. Жас отаудың шаңырағы көтерілген соң ағайын туыстар оған шашу шашып, «керегесі кең болсын», «босағасы берік болсын» деген тілек айтады. Байғазы береді. Ет жақыны босағаға жылқы байлайды. Мұның ата «атбайлар». «Атбайлардың» екінші түрі – кәде. Құда-құдағи келгенде немесе күйеу қалыңдығын алуға келгенде олардың жеңгелері алдынан шығып түсіріп алып, атын байлайды. Бұл «атбайлар» деп аталатын той салты. Оған арнайы кәде беріледі. Ол кәдеден тағы бір әйел тәберік сұрайды.

Есік ашар

Есік ашар (дәстүр). Күйеу жігіт келіншегін алып, үйлену тойы өткен соң келісілген уақытта өзі қатарлас жас жігіттермен ата-енесінің үйіне келеді. Мұны халық әдебиетінде күйеудің алғаш, яғни, есік аша келуі дейді. Демек бұл жауапкершілігі мол, бұрын ел-жұрт көрмеген күйеуді сынайтын келіс. Күйеу бұл жолы да кәде жорасымен, әдет-салтымен келеді. Өзілқой жеңгелердің сын-мініне де шыдайды. Ретін тауып жауап та бере алады. Ойын-тойсыз, өзіл-қалжыңсыз отырмайтын қазақ ауылы үшін күйеудің есік аша келуі де көңілді мерекеден кем болмайды. Мұнда да үлкен кіші бір жасап қалады.

Жігіт түйе

«Жігіт түйе» (дәстүр). Құдалық отау көтеру дәстүрінде қыз өсірген ата-ана еңбегі де елеусіз қалмаған. Той үстінде күйеу жігіт енесіне «сүт ақы» сыйын ұсынса, атасына «жігіт түйе» деген сый әкеледі. Бұған міндетті түрде түйе («жігіт түйе» деген сөз осыдан шыққан), жағалы киім немесе қымбат бұйымдар, ер тұрман әкеледі. Атасы риза болған жағдайда қол жайып, батасын береді.

Өлі тірі

«Өлі тірі» (дәстүр). Екі жақ келісімі нығайған соң күйеу жағынан құдаларына бір білікті адамды бас етіп «өлі тірі», яғни, кәделі мал, жылқы жіберіледі. «Өлі тірі» деген өлі мен тірі арасында адалмыз, құдай қосқан құдалығымыз ақиқат» деген ұлттық ұлағатты ұғымды білдіреді. Бұл үлкен кәделі әрі маңызды жол-жоралғы, құдалық бекіді деген сөз. «Өлі тірі өткен соң, өлген күйеу жатпайды» деп бұдан кейін күйеу қалыңдығына «ұрын» баруына жол ашылады.

Жарысқазан

Жарысқазан (ырым). Әйелдер босанар сәтте басқа әйелдер қазанға жеңіл желпі тамақ істеп оны босанатын әйелден бұрын пісірмек болып «жарысады». Халық ұғымы бойынша туатын бала «жарысқазанға» қатысып, одан бұрын өмірге келуге тырысады деп түсіген. Тұрасында көнеден қалған дәстүр ерекше өзгеріске ұшырамастан естен шығыпауы тиіс. Қайта заман ағымына сай жаңадан қосылады.



ПРИНЦИПЫ ХАССП

ХАССП – это свод правил организации производственной деятельности на основе 7 принципов, гарантирующий обеспечение на выходе качественного и безопасного для потребителя продукта. Для достижения конечной цели, обеспечение людей безопасными продуктами питания, принципы ХАССП должны соблюдаться всеми предприятиями, через которые продукт проходит путь от состояния сырья к потребителю.

Система ХАССП обязательно для любых пищевых производств и объектов общественного питания. Соблюдение принципов ХАССП является гарантией высокого качества и безопасности продукции.

Управление предприятием и обеспечение надлежащего качества продуктов по принципам ХАССП имеет несколько направлений:

- анализ, исследование рисков и опасных факторов, их непосредственный контроль;
- выявление критических контрольных точек в производстве с целью их проверки, регуляции и управления, а также минимизации и устранения возникающих рисков;
- определение критически возможных пределов параметров и их контроль;
- мониторинг процессов;
- корректирующие мероприятия, внедрение эффективных способов проверки для улучшения функционирования всей системы;
- разработка системы регистрации данных;
- ведение документации и оценка эффективности.
- Отсутствие системы ХАССП у организаций пищевой промышленности

– административное правонарушение, предусматривающее наложение административных мер на руководство.

Внедрение принципов ХАССП на производстве

Внедрение ХАССП в производственный процесс состоит из «12 шагов». Поэтапный алгоритм из 12 пунктов описывает последовательность действий для эффективного перевода работы предприятия в соответствие с ХАССП.

- 1.Создание группы ХАССП.
- 2.Описание сырья и готовой продукции.
- 3.Определение ожидаемого использования продукта.
- 4.Построение блок-схемы технологического процесса.
- 5.Подтверждение схемы технологического процесса на объекте.
- 6.Анализ потенциальных опасностей.
- 7.Определение критических контрольных точек критических контрольных точек (ККТ).
- 8.Установление критических пределов для каждой критических контрольных точек.
- 9.Разработка системы мониторинга для каждой критических контрольных точек.
- 10.Разработка плана коррекции и корректирующих действий.
- 11.Установление процедур верификации (проверки).
- 12.Ведение учетной документации и ревизионные проверки.

С. ШАРИПОВ,
И. о. Руководителя
Ескельдинского
районного УСЭК;
Т. ЖАКИШЕВ
Главный специалист

АВТОКӨЛКТЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУШСІЗДІГІ

Автокөліктегі өрттердің негізгі себептері көліктердің техникалық ақауы және қозғалтқыш бөлігіндегі электр сымдарының қысқа тұйықталуы болып табылады, сол себепті автокөлік жүргізушілеріне көліктегі электр сымдарына назар аудару маңызды екенін ескерген жөн.

Көліктегі өртті болдырмауға және өрт туындауы қаупін төмендетуге болады. Ол үшін жүргізушілер автокөлікті уақытында техникалық тексеруден өткізуі және техникалық жай-күйін бақылап отыруы қажет. Ең алдымен әрбір автомобильде ақаусыз өрт сөндіргіш болуы керек. Қажет болған жағдайда, өрт ошағын барынша тез және қысқа мерзімде сөндіруге кірісу үшін, өрт сөндіргіш оңай қол жетімді жерде болуы тиіс. Өрт сөндіргіш қозғалыс кезінде жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатпауы тиіс. Өрт сөндіргіштің жағдайын үнемі тексеріп тұрыңыз. Оның майысқан және ісінген жерлері болмауы керек. Баллон қызып кетпеуі керек, бүрікіші еркін қозғалуға, ал оның элементтері деформацияланбауға тиіс. Кез келген өрт сөндіргіштің жарамдылық

мерзімі төрт жылдан аспайды, пломбасы сақталуға тиіс. Осы қарапайым шарттардың кез келген бұзылуы құрылғыны ауыстыру үшін себеп болып табылады. Сонымен қатар, өрт сөндіргіштің автокөліктің ішінде орналасуы қажеттігін ұмытпау керек. Баллонды жүк салғышқа лақтыра салудың қажеті жоқ. Өрт сөндіргішті салонға бекітіңіз, алайда қауіп туындаған жағдайда оған оңай жету үшін, тым алысқа орналастырмаңыз. Өрт сөндіргішті пайдалану жөніндегі нұсқаулықты елемеуге болмайды. Төтенше жағдайға дейін бірнеше минут бөліп пайдалану ережелерін оқу және есте сақтау керек. Жану белгілері – түтін, жалын немесе бір түрлі иістер байқалса, автомобильді дереу тоқтатып, электр тізбегін бұзыңыз. Денсаулығына және өміріне зиян келтірмеу үшін, барлық жолаушылар көлік құралын тастап кетуге тиіс. Олардың міндеті – айналадағы жүргізушілердің назарын аудару.

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданының ТЖБ инженері
азаматтық қорғау аға лейтенанты

КОГДА ДЕТСКАЯ ШАЛОСТЬ ГРОЗИТ БЕДОЙ



Всегда ли мы задумываемся и том чтобы жизнь нашего ребенка была радостной и счастливой?

К сожалению не все взрослые помнят об этом. Одна из причин бед которую не следует забывать родителям – игра детей с огнем.

Каждый третий пожар происходит от шалости детей и подростков. Не редко эти пожары кончаются трагический для самих шалунов. И причина такого положения несомненно связано с упущениями в воспитательной работе с детьми в семье детском саду школе и т.д.

К сожалению школьники недостаточно получают необходимые знания пожарах и пожарной опасности. А между тем в условиях научно-технической революции опасность это несоизмеримо возрастает, последствия пожара могут быть и бывают очень тяжелыми. Чаще всего это происходит по вине самих взрослых.

А. НАЙЗАБЕКОВ,
Начальник ОЧС
Ескельдинского района
майор гражданской защиты

ЧТО ТАКОЕ СТИХИЙНАЯ ТОРГОВЛЯ



Продажа изделий, изготовленных собственным трудом, или продажа продуктов подсобного хозяйства – это один из способов заработка для населения. Таким образом домохозяйства могут обеспечить себе часть общего дохода, а иногда – основную доход. Однако, стремясь заработать на продаже товаров и продуктов, не следует забывать и о некоторых правилах ведения торговли. Где можно торговать. Для осуществления предпринимательской деятельности по розничной торговле необходимо иметь разрешительные документы

и торговое место. Разрешение на осуществление торговли в определенном месте выдается местным исполнительным органом. Торговля без наличия разрешения и в неустановленных для этого местах считается стихийной торговлей.

Штраф за стихийную торговлю организация стихийной торговли является административным нарушением.

Такие меры наказания применяются в рамках борьбы со стихийной торговлей, которая может наносить не только экономический вред, но и отражаться на здоровье населения. Риски стихийной торговли.

Главная угроза стихийной торговли заключается в опасности вреда здоровью. Так, торговля продуктами питания или готовой едой без надлежащего контроля качества может привести к отравлениям и различным заболеваниям. А наличие большого количества стихийных торговцев едой на улицах может привести к развитию антисанитарии. Также незаконная торговля имеет экономические риски – предприниматели могут не платить налоги. А это, в свою очередь, приводит к сокращению государственного бюджета и развитию коррупционных рисков. Чтобы решить вопрос стихийной торговли и поддержать население не только применяются наказания, но и предлагаются решения. Согласно Закона Республики Казахстан от 16 мая 2014 года № 202-V ЗРК «О разрешениях и уведомлениях» статьи 17 пункта 2 Осуществление физическими и юридическими лицами деятельности или действий (операций), для которых настоящим Законом установлен разрешительный или уведомительный порядок, без получения соответствующего разрешения или без направления соответствующего уведомления не допускается.

Разрешение должно быть получено физическими или юридическими лицами и быть действительным, а уведомление должно быть направлено физическим или юридическим лицом до начала осуществления деятельности или действия (операции), в отношении которых настоящим Законом установлен разрешительный или уведомительный порядок.

Т. ЖАКИШЕВ,
Главный специалист
Ескельдинского районного
УСЭК

«ЕГІНДЕРДЕГІ ӨРТТЕР»

Астық алқабы - өрт шығу қауіпі жоғары аумақтың бірі. Дәнді дақылдар, өсімдіктер, шөптер – бәрі де құрғақ ыстықта өрт шығу қауіпін үдетеді.

Астық алқабы өртенсе, өрт қысқа уақыт ішінде үлкейіп, жайылып кетеді. Әсіресе желді күні өрт бүкіл астық алқаптарына тез арада таралды. Сондықтан астық алқабын өрттен сақтау үшін төмендегі аталған шараларды қолдану керек:

-астық жинау кезеңі басталмас бұрын, оған жұмылдырылған барлық тұлғаларға өртке қарсы нұсқаулықтан өту қажет;

-өрт кезінде өрт сөндіру бөлімшелерін шақыру тәртібін белгілеу;

-астық жинау алқабында күні-түні кезекшілік қою;

-масақты егін пісер алдында олардың орман алқаптарына, дала жолағына, автомобиль жолдарға іргелес жерлерінде ені кемінде 4 метр жолақ шабылып және жыртылуы қажет;

-астық алқаптарының алаңы кемінде 50 гектар учаскелерге бөлуі қажет.

Өрт сөндіру шаралары жан-жақты алдын ала дайындалуы тиіс. Өрт кезінде техниканы,

малдарды қауіпсіз жерге көшіру қамтамасыз етілуі тиіс. Өрт сөндіруге жауапты адам әкімшіліктерге өрт сөндіру барысы туралы үзбей хабарлама беріп тұруы тиіс.

Дер кезінде істелген шаралар сіздің денсаулығыңыздың, тыныштығыңыздың кепілі бола алады, мемлекет және халық мүлкін апаттан қорғап қалады.

Өрт туындағаны кезде өрт сөндіру қызметіне «101» үй телефоны немесе ұялы телефонымен қонырау шалыңыз.

Канагат АШИМОВ,
Инженер ОЧС
Ескелдинского района,
старший лейтенант
гражданской защиты

ЛЕТНИЙ ОТДЫХ ДЕТЕЙ

Обеспечение пожарной безопасности детских лагерей имеет очень важное значение, так как при возникновении пожаров может быть нанесен не только большой материальный ущерб, но и возникнет серьезная опасность для жизни детей. Поэтому каждый работник детского лагеря обязан знать и строго выполнять установленные правила пожарной безопасности. В случае возникновения пожара в первую очередь он должен принимать все зависящие от него меры по спасанию детей, а затем приступать к тушению пожара.

В соответствии с действующим положением и типовыми правилами ответственность за соблюдение противопожарного режима в летних лагерях возлагается персонально на руководителей этих учреждений.

Следовательно, начальник, заведующий, или руководитель учреждения обязаны:

-изучить со всеми работниками лагеря правила пожарной безопасности;

-регулярно не реже 1 раза в месяц проводить беседы на противопожарные темы;

-до прибытия детей разработать план эвакуации с четким распределением обязанностей обслуживающего персонала в случае возникновения пожара и согласовать этот план с местной противопожарной службой;

-обеспечить все помещения необходимыми средствами пожаротушения и связи;

-не допускать хранения пожароопасных веществ в помещениях занимаемых детьми;

-осуществлять контроль за правильной эксплуатацией и состоянием электропроводки, электронагревательных приборов и печей;

Отдел по чрезвычайным ситуациям Ескельдинского района уделяют особое внимание за противопожарным состоянием загородных детских оздоровительных учреждений. Но предупреждение пожаров в этих учреждениях в первую очередь зависит от хозяйственных руководителей, организующих оздоровительный отдых детей, от начальников лагерей, заведующих детских дач, пионервожатых, воспитателей и всего обслуживающего персонала.

Е. ТУЛЕНДИНОВ,
Старший инженер ОЧС
Ескельдинского района
старший лейтенант гражданской защиты

АЛКОГОЛЬ ӨРТІҢ СЕБЕПШІСІ

Негізгі қап халықты алып қарасақ та, ішімдік атаулығы, оның ішінде мас қылатын сусындарға аса жақындықты, оған берілуді жаман әдеттерден санап, оған тиым жасап отырған. Ал мұсылманда арақты ішуді харам істердің бірі санап, одан аулақ болуды парыз еткен. Бұл адамның адами қабілетін, адами келбетін сақтап қалуға арналған қадам болса керек. Өйткені, мас қылатын ішімдіктің кез-келген ең бастысы адамның бірінші санасын ұласа, екінші оны адамгершіліктен жұрдай етіп, ар-намысын жер етеді. Яғни, адами келбетімен айырады. Осыған орай көргенен ата-бабаларымыздың арақты бүкіл жамандықтың бастауы, кілті деп дөп басып одан өз ұрпағын қорғаштағаны аса асыл тәрбиелерінің бірі екендігі сөзсіз.

Осымен бүгінгі күнге үңілсек, қазір ішімдік атаулығы дәурені жүріп тұрған бір кезең екендігі рас. Не ішемін, қандайын ішемін деп басты ауыртуға да тұрмайды. Ақшаңыз болса болды. Жариялық заманы сияқты, ішімдік атаулығы да бостандықтың жүріп тұр. Осының себебінен ішімдікке әуестенушілердің жыл сайын көбейіп бара жатқандығы ешкімге құпия да емес. Ең бастысы, денсаулықты құртып, адамның санасын ұлап, адамгершілік асыл қасиеттерінен жұрдай ететін ішімдік салынудың соңы қасиретті оқиғаларға да соқтырып жатады.

ІІҚ сараптамасының негізінде айтсақ, адам қолынан жасалған ауыр қылмыстардың 60 пайызына жуығы қылмыскердің мас күйінде орын алатындығы дәлелденді. Ал ТЖМ жүргізген талдау ақпараттар, жыл сайын елімізде өрте қазаға ұшырағандардың 80 пайызы олардың ішімдік ішудің арқасында болатындығын көрсетіп отыр. Ол қазалы жайыттардың барлығына дерлігі азаматтардың мас күйінде төсекте темекі шегулері түрінде болып тіркелген. Қарап отырғандарыңыздай, адам арақ ішкен мерзімде оның санасы ұланып, не істеп, не қоюы тежеліп, ойлау жүйесі, сақтану қабілеті төмендейді. Осының кесірі соңынан өрт шығарып, онда кінәлі адамның қаза табуына әкеліп соғады.

Қ.ӘШІМОВ,
Ескелді ауданының
ТЖБ инженері
азаматтық қорғау аға лейтенанты

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАҢ ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисі таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, қодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-ростау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорация арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

-композиттік қызметке электрондық өтініш беру –соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

-мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзи (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;

-қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

**Ж.А. МҰҚАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
басқармасының қылмыстық
саладағы құқықтық ақпаратты
қалыптастыру прокуроры
бөлімінің бастығы
кіші әділет кеңесшісі**

АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 171 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 4 728 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 4,2 % құрайды.

171 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-144, Текели қаласы-7, Алакөл – 2, Ескелді – 4, Көксу – 3, Қаратал – 5, Панфилов - 6. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қылмыстық куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергел-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкіті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИИМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту

сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИИМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкіті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртекттерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс кезінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдалану отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

**Талғат ОМАРХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы
бойынша басқармасының қылмыстық
саладағы құқықтық ақпаратты
қалыптастыру прокуроры**

КУПАЛЬНЫЙ СЕЗОН: ПРАВИЛА БЕЗОПАСНОГО ПОВЕДЕНИЯ НА ВОДЕ



Чаще всего происшествия на водах происходят по вине самого человека в результате излишней самоуверенности, переоценки собственных сил и возможности, пренебрежения элементарными правилами поведения на воде.

В этой связи, хотелось бы обратить внимание граждан Ескельдинского района на соблюдение требований Правил безопасности на водоемах, и в первую очередь запрещается:

- входить в воду и купаться в состоянии алкогольного и наркотического опьянения;
- прыгать в воду с лодок, катеров, причалов, а также сооружений, не приспособленных для этих целей;
- нырять в непроверенных и не оборудованных местах;
- заплывать за буйки, обозначающие границы заплыва;

- плавать на предметах, не предназначенных для плавания;
- взбираться на технические и предупредительные знаки, буйки;
- входить в воду детям без сопровождения взрослых.

Каждый человек должен знать опасные места и особенности водоема, в котором собирается купаться, так как в необорудованных местах могут быть валуны, затопленные бревна, куски железа, стекло и прочие предметы. Очень опасно подплывать к близко идущим катерам, судам и моторным лодкам, так как имели место быть случаи, когда под дно плавучих средств затягивало водой плывущего рядом человека.

Перед купанием необходимо обследовать водоем: место, выбранное для купания должно находиться на песчаном берегу и иметь удобный спуск к воде; убедиться в том,

что в месте, выбранном для купания, отсутствуют коряги, нет топляка, дно имеет по степенный уступ.

Необходимо отметить, что длительно е купание также опасно для здоровья, и продолжительность купания, в основном, зависит от температуры воздуха, воды и силы ветра.

Главной причиной несчастных случаев с людьми на воде является неумение плавать. Ведь достаточно человеку, не умеющему плавать, неожиданно попасть на глубокое место, в сильную струю течения или под удар волн, как он моментально теряет самообладание, захлебывается и тонет.

Часто человек тонет от того, что его движения внезапно сковывает судорога. Причинами же судороги являются переохлаждение в воде, переутомление мышц, вызванное их длительной работой при однообразном стиле плавания, резкие колебания температуры воды.

**Е. ТУЛЕНДИНОВ,
Старший инженер ОЧС
Ескельдинского района,
старший лейтенант
гражданской защиты**

ОСТОРОЖНО: ИНТЕРНЕТ МОШЕННИКИ!

С момента образования области Жетісу зарегистрировано 171 фактов интернет мошенничества, что составляет 4,2% от общего количества мошенничества, зарегистрированных на территории Республики (4 728).

171 фактов интернет мошенничества в разбивке по регионам: г.Талдықорған-144, г.Текели-7, Алакольский-2, Ескельдинский-4, Коксуский-3, Каратальский-5, Панфиловский -6.

В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов.

Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляются высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управлением полиции г.Талдықорған расследуется досудебное расследование по заявлению гр. А. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и завладения ими.

Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов : «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети : «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «В контакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателя.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры направленные на предотвращение совершения данного вида

преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и прудерживаться основных мер предосторожности.

Основные рекомендации МВД:

1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям» работников банков или правоохранительным органам об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на без опасные счета, либо оформлении займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.

2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющимися сотрудниками банка, полиции и т.д.

3. Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой.

4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.

5. Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.

6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться с СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.

7. Регулярно менять пароль доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками

8.Чаще проверять движение денег на своих счетах.

**С.Е.БЕКТУРСЫНОВ
Старший прокурор формирования
правовой информации
в уголовной сфере Управления Комитета по правовой статистике и специальным
учетам Генеральной прокуратуры
Республики Казахстан
по области Жетісу**

СІЗ БІЛДІҢІЗ БЕ?



Әлем- тылсым ақпарат пен қызықтарға толы орта. Төменде келтірілген фактілер осы анықтаманы айшықтай түсетіндей. Ал сіз білдіңіз бе? Қызық болса оқи отырыңыз.

1. Испания сөзінің мағынасы – қояндар мекені.
2. Ұлы Қытай қорғанын салуға 2000 жылдан астам уақыт кеткен. Құрылыс кезінде миллиондаған адам қаза тапқан.
3. Голландияда темекі шекпейтін

жастарға айына 200 еуро ақша төленеді.

4. Әлемдегі ең қымбат шәй қалташасы 280 гауһар таспен безендірілген, бағасы 15 000 доллар.
5. Германияда жастықпен ұрып ойнауға тыйым салынған. Себебі неміс заңында жастық қару болып саналады.
6. Лондонда танымал мейрамханалар тағамда шаш кездеспеуіне толық кепілдік береді. Себебі барлық аспазшыларда шаш жоқ.
7. Солтүстік Кореяда қылмыс жасаған адаммен бірге отбасын түгел түрмеге отырғызады. Бұл «үш ұрпақтың жазасы» деп атаалады. Яғни келесі туған екі ұрпақ өмір бойы темір торда отырады.
8. Англияда ұйықтауға арналған кинотеатрлар бар. Ал таңертең таңғы ас береді.
9. Парижде иттерге арналған қымбат мейрамханалар бар.
10. Қытайда айыпталушы өзінің орнына түрмеге отыратын адамды таңдай алады.
11. Білгі музыка тыңдайтын жасөспірімдер басқаларға қарағанда жиі депрессияға ұшырайды.
12. Казинода әйнек терезелер болмайды.
13. Домино ойынын француз монахтары ойлап тапқан.
14. Аляска туын 13 жастағы бала ойлап шығарды.
15. Құлағы естімейтін әрі сөйлей алмайтын адамдар түстерінде басқалармен ым-шарат тілінде сөйлеседі.
16. Адамдар сырт келбетіңізді ерекше қабылдайды. Олар үшін өзіңіз ойлағаннан 40%-ға әдемісіз.
17. Адам аштыққа қарағанда ұйқысыздықтан тез қаза болады.
18. Ұйықтар алдында музыка тыңдайтын адамдар тез ұйықтап, кеш оянады.
19. Күнде шамамен 165 мың машина құрастырылады.
20. Ер адамдарға қарағанда әйелдердің 100 жасқа толу ықтималдығы жоғары.
21. Адамдардың 70%-ы айтқан қалжыңдарына өздері ғана күледі.
22. Жапондар аққаланы үш емес, екі қардан жасалған дөңгелекпен тұрғыза береді.
23. Көздің түсі ұрпақтан ұрпаққа беріледі.
24. Темекі шеккеннен күніне 8 мың адам қаза табады.
25. Ыстық сумен өртті тезірек сөндіруге болады.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА



Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі «ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІНІҢ» № 224-VII кодексінің 11 бөлімінің 120 бабы 4 тармағына сәйкес, Жетісу облысы бойынша 2023 жылдың 3 тоқсанында ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 47169 теңгені құрайды, осыған сәйкес, кедейлік шегі 33018 теңге (47169 x70%) мөлшерінде анықталды.

Г.АУЕЛЬБЕКОВА,
Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлім басшысының м.а

К сведению населения

В соответствии с «СОЦИАЛЬНЫМ КОДЕКСОМ» Республики Казахстан от 20 апреля 2023 года № 224-VII ЗРК. Глава 11, статьи 120 пункта 4 - прожиточный минимум по области Жетісу на 3 квартал 2023 год составил 47169 тенге, черта бедности определена в размере 33018 (47169x70%).

Г.АУЕЛЬБЕКОВА,
И.о. руководитель районного отдела занятости и социальных программ

ХАБАРЛАМА!



Барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшылары үшін, сондай-ақ сауда объектілері бар дара кәсіпкерлер үшін «Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ Сіздерге төмендегіні хабарлайды:

Қазақстан Республикасының «Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес: «Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, сондай-ақ

занды тұлғалар ұлттық стандарттарға сәйкес мүгедектігі бар адамдарға ортақ пайдаланылатын көлік құралдарына, тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттарға, құрылыстар мен үй-жайларға кедергісіз қол жеткізу, еркін бағдарлану және ұлттық стандарттарға сәйкес жүріп-тұру үшін жағдай жасауға міндетті». Мүгедектігі бар адамдарға қол жеткізу үшін бейімдеу мүмкін болмаған жағдайларда тиісті жеке және заңды тұлғалар қажетті объектілерді әзірлеп, жүзеге асыруы тиіс. 2023 жылдың 20-шы маусымында Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Әлімбеков Жұмағұл Әбдіраманұлы, Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Мырзағалиева Жұлдыз Мырзақерімқызы, Ескелді ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұғын үй инспекциясы бөлімінің келісім шарт бойынша маманы Оразалиев Диас Қайратұлы, Ескелді ауданының құрлыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің келісім шарт бойынша маманы Байсейт Әлібек Дастанұлы Ескелді аудан бойынша барлық ауылдық округтердегі әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылым объектілерді, нақты айтқанда мектептер, мәдениет үйлері, медицина саласының объектілерін тексеріп өтті. Нәтижесі бойынша кемшіліктерді көрсетіп, уақытылы өзгерту жұмыстарын жүргізуге кеңес берілді

ЖАЛҒЫЗДЫҚТАН ҚОРҚУ

НОМОФОБИЯҒА АЛЫП КЕЛУІ МҮМКІН

Номофобия - ұялы телефонсыз қалудан қорқу, психологиялық аурудың түрі. Номофобияның белгілері: шектен тыс қобалжу, уайым, бас айналу, тершеңдік, жүрек соғысының жиілеуі, кеуденің ауруы.

Қазіргі кезде, жастар жағының телефонға тәуелділігі артып келеді. Оның алдын алатын қандай жолдар бар? Тәуелділік неден пайда болады?

-Тәуелділік жасөспірімдерде қызығушылықтан пайда болады. Көбіне ата-анасының көңіл бөлуі аз болғандықтан, сол сезімді осы ұялы телефоннан алады. Үнемі үрдіс жалғаса бергендіктен, тәуелділікке айналады.

Психолог Аиза Сағынбектің айтуы бойынша, ересектерде номофобияның пайда болуы, оның шынайы өмірде араласатын ортасының жоқтығынан. Осылайша олар шынайы өмірде ала алмаған сезімді, әлеуметтік желіден іздейді.

Бұдан өзге жалғыздықтан қорқу сезімі, қажеттілікті сезінуге ұмтылу, қарым-қатынастың басқа түрлерінен қашу да, осы ауруға алып келуі мүмкін.

Психологиялық аурудың белгілері:

-Бұл психологиялық дерттің бірнеше белгілері бар. Сіз ұялы телефоныңызды таба алмай жатсаңыз, сол үшін ашуланып, паникалық жағдайға енесіз. Жүрек қағысыңыз жиілеп, бас айналуын да сезінуіңіз мүмкін. Қолыңыздағы смартфонның қуаты таусылып қалудан



қорқасыз және қолыңызда құрылғы болмаған жағдайда, көшеде қолайсыздықты сезінесіз.

Номофобияға ерлерге қарағанда, әйелдер қауымы көп шалдығады екен. Америкалық ғалымдардың зерттеуі бойынша пайыз көрсеткіші ерлерде 61-ді құраса, әйелдерде 70 пайызды көрсетіп тұр. Сонымен қатар, телефонға жастар жағы (18-24) жиі тәуелді екен.

Номофобиядан құтылу жолдары:

-Кез келген дертті емдеу үшін уақыт пен практика керек. Номофобияға да солай. Бірден үлкен ері ұзақ жаттығу жасауға болмайды. Бастапқы кезге, смартфондағы қажетсіз хабарландыруларды өшіріп тастау мен тамақ ішетін кезде телефонды бөлмеңізде тастап кету де жетеді.

Осы жайлы психолог Екатерина Мурашованың тәжірибесі де бар. Ол бойынша телефоныңызды ең құрымағанда демалыс күндері өшіріп қойыңыз. Бастапқыда сізде қобалжу, жайсыздық сияқты сезімдер болады. Бүкіл әлем сізді шарқ ұрып іздеп жатқандай да болуы мүмкін. Алайда, телефоныңызды қосқан сәтте, қоңыраулардың сіз ойлағаннан аз болғанына немесе мүлдем жоқ екеніне көз жеткізесіз.

-Телефонды бірден ұзақ уақытқа өшіру, қиынға соғуы мүмкін. Сондықтан күніне ең аз дегенде бір сағатқа өшіріп, күнделікті соған бес минуттан қосу да оң нәтижесін береді.

Психолог Аиза Сағынбек жоғарыда айтылған кеңестер көмегін бермесе, маманға жүгіну керек екенін ескертті.

Ботагез ЖҰМАБЕКОВА

АРАЙ БІЛІМ – ҚАРАБҰЛАҚ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

12,14-сынып оқушыларына арналған курстар:

- 12 сынып оқушыларына арналған курстар
- 14 сынып оқушыларына арналған курстар

5,6-сынып оқушыларына арналған курстар:

- 5 сынып оқушыларына арналған курстар
- 6 сынып оқушыларына арналған курстар

7,8,9-сынып оқушыларына арналған курстар:

- 7 сынып оқушыларына арналған курстар
- 8 сынып оқушыларына арналған курстар
- 9 сынып оқушыларына арналған курстар

10,11-сынып оқушыларына арналған курстар:

- 10 сынып оқушыларына арналған курстар
- 11 сынып оқушыларына арналған курстар

Біздің мекен-жайымыз: Қарабұлақ а. Балтық би көшесі 109
Телефон: 87474287029, 87057431326 (WhatsApp)
arabilmkarabulak (инстаграм)

- МЕКТЕП АЛДЫ ДАҒАР
- БАСТАУЫШ СЫНЫП
- ТЖБ, БЖБ,
- КӨРКЕМ ЖАЗУ
- АҒЫЛШЫН ТІЛІ
- ОРЫС ТІЛІ
- ҮЕТ-ға ДАЙЫНДЫҚ
- НЗМ, КТЛ,
- 20, 24 ЛИЦЕЙГЕ
- ДАҒАРЛАУ

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпаратандыру және ақпарат комитетінен 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 752 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ЖИРНИКОВА.